

 ҚазМұнайГаз <small>НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ «КАЗМҰНАЙГАЗ»</small>	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ	
Құжаттың атауы:	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ жер қойнауы учаскелерінде және кен орындарында бұзылған жерлерді қалпына келтіру және объектілерді жабу саласындағы саясат	
Құжаттың түрі: Саясат	KMG-VND-4766.1-44	2 беттің 1-беті
Әзірлеген: М.Ж. Мұқашев  2023 жылғы 4 мамыр	Тексерген: Е.А. Қадыров  20__ ж. «__» __	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының 2023 ж. «01» шілде шешімімен бекітілген, № 33 хаттама


«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес пен тәуелді ұйымдары (бұдан әрі - Компания) мүдделі тараптардың мүдделерін сақтай отырып, Компанияның ұзақ мерзімді құнының өсуі үшін орнықты даму қағидаттарына және өзінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттарының келісушілігін қамтамасыз етуге бейімділігін білдіреді.

Компания БҰҰ-ның Жаһандық шартының қағидаттарын және БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуді ескере отырып, орнықты дамудың көшбасшысы болуға ұмтылады. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өзінің 2031 жылға дейінгі Даму стратегиясында «Орнықты даму және өндірістің көміртек сыйымдылығын үдемелі түрде азайту» орнықты даму қағидаттарын негізгі бизнес-процестерге, операциялық қызметке және шешімдерді қабылдау процестеріне біріктіруге көзделген стратегиялық мақсаттардың бірі ретінде айқындады.

Осы Саясаттың мақсаттары үшін объектілерді жабу деп Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын жер қойнауын пайдалану салдарын жою, жер қойнауы учаскелерін консервациялау, технологиялық объектілерді консервациялау немесе жою түсініледі.

Компания объектілерді жауапкершілікпен жабуға және Компанияның жер қойнауы учаскелері мен кен орындарында бұзылған жерлерді қалпына келтіруге мүдделі. Экономикалық орындылыққа бағдарлай отырып, Компания сонымен Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқықтық және заңнамалық талаптары шеңберінде қызметтің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектілеріне теріс әсерді үздік халықаралық тәжірибелер мен стандарттар деңгейіне дейін төмендету туралы қамқорлық жасай отырып, объектілерді жабу және бұзылған жерлерді қалпына келтіру саласында ең үздік қолжетімді техникалар мен әкімшілік шешімдерді қолдануға және енгізуге ниетті.

Саясат Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Жарғысына, «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 27 желтоқсандағы № 125-VI кодексіне, Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI ҚРЗ Экология кодексіне, орнықты даму саласындағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Экология саясатына және басқа да қолданылатын «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді.

 ҚазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ</small>	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ жер қойнауы учаскелерінде және кен орындарында бұзылған жерлерді қалпына келтіру және объектілерді жабу саласындағы саясат	
Саясат	KMG-VND-4766.1-44	2 беттің 2-беті

Осы Саясатты іске асыру үшін Компания басшылығы өзі орындайтын және мердігер ұйымдар олардың орындалуын талап ететін мынадай міндеттемелерді өзіне алады:

– Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт тоқтатылғаннан кейін жер қойнауы учаскелерінде (келісімшарттық аумақтарда) қоршаған ортаны қалпына келтіруді қамтамасыз ету;

– Жағымсыз әсерлерді мейлінше азайту және барынша пайда алу үшін өндірістік қызметті жүзеге асыру және бұзылған жерлерді қалпына келтіру кезінде сақтық қағидатының сақталуын қамтамасыз ету;

– Бұзылған жерлерді жабу және қалпына келтіру үшін қаражат беруді қамтамасыз ету;

– Объектілерді жабуды жоспарлауға және бұзылған жерлерді қалпына келтіруге қоғамдық қатысуды қамтамасыз ету;

– Мердігер ұйымдар персоналының қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету, бұрғылау, сынау, байқау және игеру кезінде сұйықтықтың немесе газ-сұйық қоспаның және фонтандардың ашық шығарындыларының алдын алу және қоршаған ортаны ластанудан қорғау;

– Жер қойнауы учаскелеріне (келісімшарттық аумақтарға) іргелес аумақтарда су ресурстарын, атмосфералық ауаны және биоәртүрлілікті объектілердің теріс әсерінен қорғауды қамтамасыз ету;

– Жер қойнауы учаскелерінің аумағында (келісімшарттық аумақтарда) және кен орындарында объектілерді жобалау, салу, пайдалану және бұзылған жерлерді рекультивациялау кезінде геологиялық ортаның экологиялық орнықтылығын қамтамасыз ету.

Компанияның осы Саясатта көрсетілген міндеттемелері қоршаған ортаны қорғау саласындағы мақсаттарды белгілеу үшін негіз болып табылады, Компанияға, мердігерлік ұйымдарға қолданылады және Компанияның серіктестермен іскерлік қатынастар жүйесіне енгізіледі.

Компания басшылығы осы Саясатты іске асыру үшін барлық қажетті ресурстарды ұсынуға жауапты болады.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарының осы Саясатты қолдануы ұқсас саясаттарды әзірлеу және бекіту немесе ұйымдардың ішкі құжаттарын осы Саясатқа келтіру жолымен белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.